

84(БР)  
Ж-86

С.

Жұбатыров

АЛЫСТАҒЫ  
АРАЛДАР



**Сайлаубай  
Жұбатыров**

**АЛЫСТАФЫ  
АРАЛДАР**

**повестер**



**«ЖАЛЫН» БАСПАСЫ,  
АЛМАТЫ – 1980**

Жұбатыров Сайлаубай

Ж.86 Алыстағы аралдар: Повестер—Алматы: Жалын,  
1980—248 бет.

Жас жазушы С. Жұбатыровтың бул кітабына екі повесі кіріл отыр.


«Алыстағы аралдар» повесінде Бекет, Қайсар, Нурлан дейтін бала-  
лар белгісіз аралға сапар шегеді. Сол жолда олар таңғажайып істердің  
куәсі болады.

Ал «Отты өткел» повесі ежелгі цивилизацияның орын іздеген ша-  
тын экспедицияның шелде бастан кешкен шым-шытырық оқиғаларын  
баяндайды. Бұл екі шығармада қызықты оқиғалар негізіне құрылды,  
тартымды жазылған.

Каз 2

Ж  $\frac{70303-187}{408(05)80}$  · 35—80—4702230200

© «Жалын» баспасы — 1980



АЛЫСТАФЫ АРАЛДАР

# I

## Теңіздер, жиһанкездер, қарақшылар және өзіміз туралы

Бәрі де күтпеген жерден басталды.

Біз теңізге саяхатқа шығамыз.

Біз болашақ жиһанкездер — Бекет, Қайсар және мен үшеуіміз.

Мұхиттар мен теңіздерді шарлаған талай саяхатшылардың тарихын білуші едім. Кездейсок толқын алып барған иесіз аралда жападан-жалғыз көп жылдар өмірін өткізген, немесе, тағы түземдіктермен достық құрған сол бір ер жүрек жандардың басынан кешкендері неткен қызық десенші! Жиһанкездердің қауіп-қатерге толы әрі ауыр, әрі ұзак сапарында қындық дегенің сүмдық көп. Бірақ олар бәрі — бәрін жеңеді. Алапат дауыл мен тау толқындар оларға бас иеді, жабайылар банан және лавр жапырактарынан күрмет дестесін сыйлайды, теңіз торыған қарақшылар тас-талқан бол құрдымға батады. Саяхатшылардың ерлік пен қауіп-қатерге толы көгілдір жолдарына қызықпайтын адам кемде-кем шығар. Мұндай жолды ақылды, тапқыр және күшті адамдар ғана женіспен аяктай алады.

Біз теңізге шығамыз. Мүмкін бізге жол торыған қарақшылар, зәулім пальмаларын жел шайқаған белгісіз аралдар кездеспес. Жоқ, бізге бұлардың қажеті де жоқ. Оларсыз-ақ біздің сапар оңай да, көңілсіз болмайтынын сеземін.

Біз болашақ жиһанкездер — Бекет, Қайсар үшеуіміз.

Кеше ғана жағдай мұлдем басқаша еді. Ал бүгін.. Элде бәріне кінәлі сол бір жыртық сурет пе? Элде бұл әңгіме Бекет пен Жеңістің арасындағы шатақтан шықты ма?.. Әйтеуір, бәрі-бәрі күтпеген жерден басталды,

## II

### Теңіз жағасындағы ескі кемеден табылған сурет. Қос тентек

Мен жүгіріп келем.

Жағалауға үйтқи соққан теңіздің тентек желі шашымды жұлқылап, құлағымда гуілдейді. Кеудемді шарлап, жейдемді шағаланың қанатындағы желп-желп қағады. Онан теңіз иісі, қара май иісі аңқиды. Мен кеудемді кере дем алып, шымыр самалға шыдай алмай көзімді сығырайта түсемін.

Сонадай жағалауда судан шығып қалған ескі кеме қырышық құмға жартылай көміліп, үлкен балық сияқты ұзынынан сұлап жатыр. Жуан діңгегі бел ортасына омырылып түскен. Эйнегі сынған терезелері әлдебір құбыжықтың көзіндегі қап-қара боп сұық қарауытады.

Жүгіріп келген бойда сол шынжырлардың бірімен тырмыса өрмелеп, жоғары көтерілдім.

Палубаның қаңсыған ағаштары шиқылдалап, сыйырлай жәнелді. Кеменің өн бойынан аянышты сынсыған, бір түрлі үрейлі дыбыстар келеді. Көзге көрінбес біреу үзбей ыңылдалап өлең айтып тұрған сияқты. Мен қалт токтадым.

Арса-арса палубаның ортасында тұтқасы сынған ағаш люк жатыр екен. Ақырын көтеріп ем, зілдей қакпақтың астынан қап-қараңғы трюмнің аузы үнірейіп шыға келді. Жанаармаймен аралас дымқыл сыздың иісі лап беріп қолқамды қапты. Үніліп сәл тұрдым да, қараңғыға көзімді үйретіп ап, ішке секіріп түстім.

Айналама алақтап сілейіп тұрмын. Бұрыш-бұрыш терең тұңғиықтың түбіндегідей қап-қараңғы. Жоғарыдағы тактайлардың саңылауларында күн сәулесімен мың құбылып, өрмекшінің торлары жылтылдалап тұр. Демімді тартып тың тыңдаймын, сыртта дыбыс жоқ. Барлаушылар ойнап жүрген балалардың шуылы да келмейді мұнда. Сипалап кеп қабыргаға жапсарлас

тұрған жалпак сәкінің бұрышына отырдым. Енді Жеңіс те, Жарас та, тіпті балалардың бәрі де жабылып ізде-генімен мені таба алмас. Жағалауда қаусап жатқан иесіз кемеге тығылады деп кім ойласын?!

Мен енді ғана өзімнің трюм емес, кемедегі теңізшілер демалатын орын — кубрикте отырғанымды аңғардым. Мен отырған нарлар да, мынау қабырғаға бекітілген түмбочка да тек кубрикте ғана болады. Бір кездері теңізшілер осы кемемен алыс жақтарға жүзіп, шаршағанда нарларға жатып тынығып, түмбочкадан темекі алып шеккен шығар. Сонда мына ағаш қабырғаның сыртында сартылдалп толқындар соғып тұрған болуы керек.

Түмбочкаға қолымды тіреп ем, шаң басқан қабырғасында бес саусағымның ізі аппақ бол баттыып қалды. Саусактарымды тыжырына сілкілеп, қатты түшкіріп жібердім. Ол аз болғандай, отырып-отырып тағы түшкірдім. Сол сәт сырт жақтан әлдене тарс етіп, кеменің қабырғасы дүңкілдей жөнелді. Шынжырлар салдырап бортқа соқты. Сосын бәрі тып-тыныш болды.

Демімді тартып, бұрышқа жабысып отырмын. Біреулар менің түшкіргенімнен қорқып, қашып кеткен сияқты. Тым-тырыс. Жоғарыда терезеден, тақтай арасынан сызаттанып көгілдір аспан ғана көрінеді. Эйнегі сынған терезенің үстінен қиқулап шағалалар ұшып өтті. Біреу палубада үзбей ыңылдалп тұрғандай: теңіз желі ғой.

Мен тағы бір түшкіріп ап, түмбочкаға қайта үцілдім. Әлгінде бір нәрсе көзіме шалынған сияқты еді. Карасам, шынында да түмбочканың арғы түкпірінен бірдеме ағарып көрінеді. Жүрелеп отырып басымды сұғып ем, бұрышта қыстырулы тұрған қағаз екен. «Темекінің корабына жазылған әлдебір құпия бар шығар,— деген ой кенет басыма сап ете қалды.— Немесе теңізшілер бұл қағазға теңіз үстінде болған әлдебір қызық օқиғаны жазып қалдыруы да мүмкін-ау».

Қағаз құпия жазуы бар темекінің корабы болмай шықты. Жиегі жырым-жырым, сарғыш тартқан ескі

фотосурет екен. Су ортасында қасқып тұрған жалғыз жартастың ғана бейнесі бар. Жиегінде өшіп қалған жазулардың іздері байқалады. Жартастың да, жазудың да жартысы жок. Меніңше, мынау Қайсар құздың жаңында толқындарды қақ жарып келе жатқан кішкентай кеме болуы керек. Сондай суретті бір жерден көрген сияқты едім.

Қалған жартысын алмақ боп, отыра қалып түмбочканың ішіне басымды қайта сұқтым. «Тіпті жұмбақ жазуы бар темекі қағазы болмай-ақ қойсын, суреттің өз құпиясы болуы да мүмкін фой», — деп ойладым. Ағаш кабырғаны тырнап-тырнап, тырнағымның көбесі ауыра бастады. Түмбочканы әрі-бері жұлқылап едім, ол да алынар емес. Бет-аузым май шандакпен әбден баттасты. Өзімнің жасырынып отырғаным да, балалар да есімнен шығып кетіпти. Түшкіріп-пысқырып кубриктің шаңдағын аспанға көтердім. Суреттің қалған жартысы бірақ алынар болмады.

Құз бейнелі суреттің жартысы жок болса да маған катты ұнады. Қағазды көйлегімнің ішіне сұңгітіп жіберіп, сыртынан ақырын сипап қойдым. «Мейлі, жыртық болса, бола берсін».

Көп уақыт өткен сияқты. Балалардан да хабар жоқ. Күнгірт трюмнің ішінде қамалып отыра беру жалықтырайын деді. Сыртқа шықсам ба екен? Осы оймен отырғанымда қабырғадағы тақтайлар тағы да сықырлап кетті. «Барлаушылар фой. Кәне келсендер, келе қойындар!..»

Әуелі палубаның шеткі саңылауынан жалаң аяқтың кызығылт башпайлары көрінді. Сосын, екінші саңылаудан шыт-шыт жарылған өкше де жылт етті. Палубаға шыққан адамның үстінде теңізшілердің жолақ тельняшкасы бар еді. «Мынау — Қайсар фой! Жолақ тельняшка ауылда тек Қайсарда ғана бар. Сол, анық сол!»

Ол дәл менің тәбеме кеп, тақтайларды сындыраңдардай тарсылдатып теуіп-теуіп қалды. Элдекімді қорқытқысы келгендей, өршелене тепті.

— О, каррамбо!.. — Бекет, а Бекет, мұнда ешкім жок.

Тақтайлар тағы сықырлады. Ұзамай саңылаудан кып-қызыл бол Бекеттің де табаны көрінді.

— Әлгінде біреу ап-анық түшкіріп еді ғой.

— Түшкірген дейсің. Бұл кеменің құпиясы көп. Мұнда, мысалы, жел де өлең айтады.

Олар палубада тағы біраз тың тыңдағандай үнсіз тұрысты. Мен көзім бақырайып, қимылсыз бағып отырмын. «Мына қос тентек не істегелі жүр? Қазір кубриктен атып шығып, сендерге не керек,— деп ақырсам баекен,— деп ойладым. Бірақ, балалар алыста, екеуі жабылып үрып кетеді-ау. Иә болмаса өзіммен шамалас Кайсарды бір соғып, зытып этырсам... Жок, онда Бекет сазайымды береді». Мен айналамдағы ағаш сынықтарын қармалай бастадым. Дәл қазір бір шатақ болары анық еді.

Жолақ тельняшкалы Қайсар палубаны сықырлата басып штурвал рубкасына<sup>1</sup> өтіп кетіп еді, сәлден соң жоғарыдан шынжырлар салдырап, штурвалдың сықырлап айналғаны естілді. Терезеден «Бар пәрменімен алға, сайтан алғыр!»— деп айқайлаған дауысы да келіп жатты.

Менің қозғалғанымды сезіп қалды ма, манадан үнсіз тұрған Бекет бір басып, екі басып ашық жатқан люкке жақындағы. Әлденелерді салдыр-кулдір еткізіп, люкке мен де ұмтылдым. Жолшыбай бір таяқты сүйретіп ала кеттім.

— Нұрлан?.. Сен мұнда нағып жүрсің?— деді Бекет тәменге үңіле қарап. Қақпақты жауыш жібере ме деп, корқып үн-тұнсіз тырмысып келем.

— Өздерің неғып жүрсіңдер?— дедім палубаға шығып алған соң батылданып.

— Біз бе? Жайша... Өзің не, анда көмір жакқанбысың?

<sup>1</sup> Штурвал рубкасы — кемедегі руль басқару орны.

Ол менің қара қожалак . колдарыма қарап ақырын күліп койды. Сонсоң ешкім жоқ па екен дегендей айналасына қарап алды. Сол сәт рубканың әйнексіз терезесінен Қайсардың үрпек басы қылтиған:

— О, каррамбо! Сәлем, «Бенедикт — су жүрек!» — деп шиқылдады ол.

— Тиіспе, Қайсар! — деді Бекет оған қарап.

— Сәлем, «Санчо — есуас!» — деп қалдым мен де.

— Эй, өзін періп жіберші... — Қайсар мойнын созып, тұра рубканың терезесінен секіруге ыңғайланды. Мен жанымда аңдаусыз тұрған Бекетті итеріп қап, борттан кирышық күмға бір-ақ қарғып тұстім.

— Нұрлан, тоқта ей! Біз саған тимейміз,— деп айқайлағандай болды Бекет. Мен барлаушылар ойнап жүрген балаларға — өзіміздің балаларға жеткенше зыттым.

### III

#### «Есуас Кихотпен» әңгіме. «Командор». Күтпеген шатақ.

Қалтқыға сығырая қарап, шекемді шаққан күнге маужырап шеткерірек тұр едім, кенет он қапталымдағы шок қамыстың арасынан ак жейделі біреу шыға келді. Жалт қарап, тұра маған қарай жападан-жалғыз келе жатқан Бекетті көрдім. «Мәссаған, «Есуас Кихот» мұнда мені іздең келгені ме?!» Әлдебір шатаққа әзірленгендей жұдырығымды түйе койдым. Бекет дыбыссыз басып, жақындай берді. Колында бір жапырак қағаз. Карап-қарап тұрып, ана қағаздың кеше мен тауып алған жыртық сурет екенін тани кеттім.

— Нұрлан, мынау кеше сенен түсіп қалды.— Ол қалт тұра қалып сарғыш тартқан ескі суретті маған ұсынды. Кармақты қоя салып жанына жетіп-ақ барып ем, лып еткізіп кері тартып алды да,— өзің бері жүрші,

бір нәрсе айтам,— деп иегімен сонадай жердегі төңкे-  
рулі қайықты нұскады. Мен сасып қалдым. «Кешегіге  
өш алғалы жүр екен ғой»,— деген ой қайта жылт  
етті.

— Барма! — деді Жарас арт жағымнан ақырын  
куңк етіп.

— Нұрлан, сен қорықпа, мен тек бір зат сұраймын,

— Кім, мен бе корқып тұрған? Ха!. Кораздана ба-  
сып төңкерулі қайыққа келдім.— Ал, тыңдадық...

— Айтшы, мынаны қайдан алдың?— деді қайыққа  
катарласа отырған соң Бекет ақырын ғана.

— Мынаны ма? Кеше, кеменің кубригінен...

— Кубриктен деймісің?— Бекет үнсіз қалды. Екі  
көзі суретте. Мен де қарадым. Кеше қараңғы жерде  
аңғармаған екенмін, қағаздың жиегінде өшүге айнал-  
ған «ОР» деген екі әріп пен «Арантас», «1945 ж. Ап-  
рель» деген жазу бар екен, «Арантас дейді, ол қай жер  
екен?»

— Бері әкел, біз де көрейік,— дедім суретке қол  
салып.

— Тек бүктеуші болма.

— Өз еркім ғой, не істесем де.

— Тыңдашы, Нұрлан, саған мұның қажеті жоқ қой,  
мен алайын жарай ма?

— Мейлі, алсаң ала бер. Маған бұл жыртық қағаз-  
дың қажеті шамалы.— Үстімді қағып орнынан тұрдым.  
Бұдан әрі әңгімелесуге зауқым да жоқ еді.

— Тұра тұр,— деді Бекет суреттен көзін алмастан.  
Бұл сен үшін жыртық қағаз шығар... Шыныңды айтшы,  
Женістің альбомынан дәл осыған үқсас, бірақ кемесі  
бар суретті көрген жоқсың ба?

Мен таңдайымды қақтым.

— Сен онан «Командор».. жо-жоқ, Арантас шынын  
білесің бе деп сұрашы...

— Ей, айтайын дегенің сол болса, Женістің өзінен  
сұра!.. Мен еш нәрсені де білмеймін.

— Жә, сен айқайлама,— деп Бекет те орнынан тұр-

ды. Кармағыма кеп үнсіз жайғаса бергенімде, суды бората щашып Жарас жаныма келді.

— Не айтты?

— Жай...

— Немене, айтқың келмей ме? Сен әлі «Кихот пен Санчо есуастарға» қызығып жүрген шығарсың?!

Мен үнсіз тұра бердім. Ойымда басқа нәрселер бар еді. Осыдан бір жыл бұрын болған бір шатақ. ... Бәрі де сол жанжалдан басталды-ау. Женіс пен Бекет жетінші класқа, Жарас, Қайсар бәріміз алтыншы класқа өтіп, каникулға шыққанбыз. Бәріміз де дос едік онда. Бәріміз тату болған соң мұндай көңілсіз де емес еді. Бекет теңізшілер жайлы, ер жүрек саяхатшылар жайлы қызық әңгімелерді көп білетін. Ол қанша айтса да біз теңіз жағасында жатып ап тыңдай беруден жалықпайтынбыз.

Бір күні сол арасынан қыл өтпейтін екі дос тәбелесіп қалды. Бәріне кінәлі Бекеттің өзі. Әуелі, Бекет, Женістен «Командор» туралы сен білесің ғой, жасырмай бізге айтып берсеңші», — деп сұрады. Женіс жауап бермеді. Ал, оның неге жауап бермегенін балалардың бәрі де түсінді. Бекет сонда да қоймады:

— Сенің көкеңнің майданнан кеп, теңізде қаза тапқанын бәрі біледі. Бірақ қалай болғанын біз білмейміз. Білетін болсаң айтсаңшы, — деді. Женіс тағы да үндемеді. Бекет сонда да қоймады. Ақыры, Женіс Бекеттің тұмсығына бір қондырды. Бір қызығы, Бекет оған қол көтерген жоқ. «Жарайды, айтпасаң айтпа, бірақ жақында өзің есітесің», — деді де аулак кетті.

Сол күннен бастап балалардың бәрі де Бекетті жек көріп қалған еді. Женіс қатты ренжіді. Кейбіреулер сың көкесі жайлы, теңізге кетіп қайта оралмаған «Командор» жайлы бұрыннан да әр түрлі әңгімелер айтып жүретін. Женістің көкесі «Командордың» — капитаны болыпты. Майданнан соғыс бітпей келіп, теңізге із-түзсіз кете барған дейді. Біреулер: «Дезертир екен, сөйтіп ізін жасырыпты», — деген сөздерді де айтатын. Біздің

бар білетініміз осы. Бекеттің соны біле тұра, коймай сұрағаны тіпті дұрыс болмады. Дос болсаң, сонша қазбалап қажеті не? Тіпті Женістің өзі де көкесінің теңізден қалай қайтпай қалғанын, «Командордың» тағдыры не болғанын анық білмейді ғой.

Бекет те, оны жақтаған Қайсар да сол күні балалардан мұлдем шеткерілеп қалды. Сонан бері осылай... Бәрі сол бір «Командордан» басталған. «Командор», «Командор»... Ал енді Бекет осы әңгімені неге қоймайды?!

Қалтқы шым батып кетіпти. Қармағымды шалқалай тартып қап, судан шоршып шыққан қызылқанатты қайта түсірмей қағып алдым. Тортаны ұстай бере артыма бұрылып ем, Бекет кетіп қалыпты.

«Ол жаңа Женістің көкесін тағы сұрады. Соншама неге қазбалап жүр, ә? Әлде «Командор» туралы бір нәрсе біле ме екен? Шынында да, бірдеме білетін шығар, Женіспен әңгімелесе алмай жүрген шығар?!»

Қызылқанатты суға қайта қоя бердім де, қармағымды жағалай сүйретіп Женіске жақындағым.

— Бекет жаңа «Командор» туралы тағы сұрады...

Женіс үнсіз. Әлсін-әлсін сирағын башпайымен қасып қояды. Мен күңгірт суда ойнақшып жатқан оның көленкесіне қарап сәл тұрдым.

— Сен Арантас деген бір жерді білмейсің бе?..

Женісте үн жок. Әншейінде, не айтсаң соған елеңден, жауап бергенше асығып тұрушы еді. Қазір жақтырмай-ақ тұрган болар. Сонда да сезгенімді айтуым керек кой. Мүмкін Бекет бәрін білетін шығар. Ойланып тұрып-тұрып бір кезде турасынан қойып қалдым.

— Осы, сенің көкен, шынымен майданнан қашып келген бе?..

Женіс жылан шағып алғандай маған жалт бұрылды.

— Эй, «Кихоттың» құйыршығы. Мә, саған, мә! — Тұрган өрнінда суды тсуіп-теуіп жіберді. Өзі де, мен де қап-қара батпақ сумен малмандай болдық.

Женіс жәбірленіп қалды. «Бұл қалай?»— дедім мен өні нәрсеге түсінбей. Бораған судан қорғалақтап шегіне бердім де, жағаға шығып ап қаша жөнелдім. Үстібасы қап-қара батпак сумен малшынған Женіс дәл осы сәт дүниедегі ең дөрекінің өзі бол көрінді. Бекетті де өткенде осылай андаусызыда періп жіберіп еді-ау. Бұл жерде ренжитіндей не бар?

Сол бетіммен ауылға жеткөнше жүгірдім. Дәл осы сәттен бастап мен де балалардан шеттеп, мұлдем жалғыз қалғанымды сездім.

## IV

### Жалғыздық. Ескі кемедегі әңгіме. Олар мені қают-компанияға шақырады

Ертеңіне Женіс көшеде кездесті.

— Нұрлан, сен ашуланба. Мен сені ренжітейін дегем жок. Өзім де сенер-сенбесімді білмей журмін. Мүмкін бәрі рас шығар.

Кідірмей үнсіз өте шықтым. Женіс маған бұрынғысындай жайдары, елгезек бол көрінбеді. Неге екенін білмеймін, сол момақан қалпында, тіпті жек көріп кеттім. Бетіне ешбіріміз қарсы келмегенге осынша өзімшіл, шолжың бол кетken бе? Біз оны ренжітпейік деп жүрсек!..

Шаңқай түс. Теңіз баяу толқындал, шалқарынан сап-салқын самал еседі. Шағалалар сұнқылдал, алыстан әлдеқандай кеме моторының қуатты үні келеді. Ұқыт өткен сайын жалғыздығым сезіле түсті. Көнілсіз басып жағаға келдім де, шешініп суға түстім. Құлаштап жүзіп: «Мотор өзекті» кесіп өттім. Кемелер қолтықтағы портқа қатынайтын терең өзекшені — «Мотор өзек» деп атайтын едік. Сонсоң өзекті қайта кесіп етіп, әнеугүнгі өзім жасырынған ескі кеменің тұсынан шықтым.

Палубаны дыбыссыз жағалап жүріп, кубриктің төбесіндегі әйнегі сынған терезеге жеттім. Елтеп ішке сұғаласам... мәссаған! Төмендегі нарда «Санчо-Қай-сар» етпетінен жатып ап, бір кітапты судыратып оқып жатыр. Екінші нарда Бекет. Алдындағы үлкен ақ қағазға әлденелерді сзып отыр ма, жазып отыр ма, анық байқалмайды. Кубриктің іші жап-жарық, таптүйнақтай. Екеуі өздерімен өздері боп, ешкімді де анғарап емес. Дәл қазір кеме теңізде жүзіп келе жатқандай, ал мыналар қаут-компанияда демалып жатқан сияқты.

«...Үлкен-үлкен толқындар кішкене кемені асықтай атты,— деп оқыды Қайсар. — Жартылай қираған «Пилигрим» ығып келеді...» Мен терезенің жақтауына иегімді сүйеп койып тыңдал жатырмын. Арқамды күн кыздырып, маужырап барамын. Қайсардың кітабы керемет қызық екен. Осылай жатып тыңдай берсем... Анда-санда Бекетке де қарап қоямын. Кубрикке көзім үйренгесін байқадым, ол үлкен көгілдір картага әлденелерді сзып отыр екен.

Бекет манадан қағазға шұқшиып, қымылсыз отыр еді. Кенет қаламын тістелеп орнынан тұрды. Тұрып-тұрып қайта отырды. Алдындағы қағазға әлденелерді асығыс жаза бастады. Көп жазды. Сонсоң қаламын лактырып жіберіп, Қайсарды жұлқылап қалды.

— Қайсар, тыңдашы!..

— Ол не?

— Мысалы, сен ашық теңізге кішкене қайықпен жалғыз шықтың.

— Ашық теңізге жападан-жалғыз ба? Міне керемет!

— Айналада тіпті, құрлық тұгіл, қарайған кеме де жок. Қазір дауыл соғып кеткелі тұр. Қалай, корқынышты емес пе?

— Тұк те корқынышты емес. Өй, өй бұл — қайта керемет кой...

— Ендеше, біз... біз — теңізге шығамыз,

— Немене? — деді Қайсар куана айқайлап. — Сен бір нәрсе ойлап таптың ба?

— Иә, иә...

— Ол не, қызық па?

— Қызықтан да гөрі қызығырак! Тек сен сертінді бер. Корықпаймын, шыдаймын де!

Қайсар көздері жалт-жұлт етіп орнынан атып тұрды.

— Мен мұны бұрын да ойлап жүруші ем... Біз теңізге саяхатқа шығамыз! — деді Бекет оны иығынан сілкілеп.

— Саяхат! Рас па, ей?!

— Шын сөзім! Біз Қекшалғыннан да алыска, тіпті алыска шығуымыз керек.

— Алыска? Дауылмен белгісіз аралдарға ырып шығамыз ғой?

— Жок, белгісіз аралдардың қажеті жок. Сен мұны түсін. Біз...

— Жо-жок, былай, ұлы теңізде дауыл соғады, таудай толқындар қайықты періп-періп жібереді. — Қайсар жұдырығын екілене сермелеп, жүзі бал-бұл жайнал кетті.

...Дәл Робинзондағыша тәбеде найзағай ойнал, шелек-шелек нөсер күяды. Ақыры, толқын бізді белгісіз аралға лактырып тастайды. Міне, дәл осылай болғаны жақсы. Тек қана осылай!..

Қайсар үшқындей ойнап, кубриктің ішін шыр айналып кетті. Бекет үнсіз.

... — Біз өзіміздің координатымыз жазылған бөтелкелерді теңізге жібереміз. Соңынан құтқарушылар тауып алғанда, міне нағыз ер жүрек жиһанкездер деп қайран қалатын болады...

Бекет әлденеге күліп, басын шайқай берді. Сосын ол Қайсарға ең маңызды нәрсені түсіндіргісі келгендей, бірақ айтуға сөз таба алмағандай дағдарып отыра кетті. Оның Қайсарға сездірмей басын шайқағаны да, тершіген мандайын сұртіп, қатты сасқалактағаны да

маған ап-анық көрініп тұрды. Мүмкін, ол «Санчоға» мұлдем басқа нәрсе айтқысы келген шығар. Бірақ ол бірбеткейге бірдемені айтып түсіндіруден қын не бар дейсің!

Ал, Қайсардың әңгімесі керемет қызық еді: иесіз арал... Тас қараңғы түн... Толқын атқан теңіз жағасындағы жалғыз күрке. Оның ішінде әр минуты қатерге толы ер жүрек екі саяхатшы өмір сүреді.

— Тіпті, біздің аралға шыққанда, ішетін бір тамшы суымыз да болмайды,— деп койды Қайсар.— Сонда да саспаймыз, кенет бір амалын таба қоямыз.

Дәл осы сәтте мен де шыдай алмай кеттім:

— Ей, Санчо, шөлдеп өліп қалсаң қайтесің? Тенізде тұшы су жок кой.

Бекет те, Қайсар да мұны кім айтты дегендей жоғарыға жалт-жалт қаасты.

— Біз теңіздің суын ішеміз,— деді Қайсар маған қарап ақырын ғана. Сонан соң көзі алақандай бол бақырып жіберді. — Өй мынау Нұрлан ғой!.. О, каррамбо...

— Нұрлан?!

Мен аузымды басқан күйі, орнынан атып тұрып, борттан бір-ак секірдім.

— Нұрлан токтай тұр,— деп айқайлады Бекет.— Сен сонымен Арантас туралы еш нәрсе білмейсің ғой?

«Есуас Кихот баяғы әнін тағы бастады». Мен үнсіз бұрылып оған қадала қарадым. «Арантасын да, «Командорын» да, Жеңісін де қосып қолына берсем!» Бекет желкесін қасып, ақырын күліп қойды.

— Неге бақырайып тұрсың? Жүр онан да біздің қаот-компанияға барайық,— деді бір кезде ол. Өз күлағыма өзім сенбей тұрып қалып ем,— Жүр, жүр,— деді Бекет тағы да.— «Алмазда» кеше өзін де болдың ғой...

Мен қарақшыдай қалқып тұра берген соң, Бекет ыңғайсызданып калды. Сол сәт:

— Анда апарып соғып-соғып аламыз ба? Манағы

естігенін біреуге айтып қоймасын, сөйтейік,— деп Қайсар Бекеттің құлағына сыбыр ете қалды.

— Ей, төбелестен басқа не білесің, осы?— деді Бекет оған жалт қарап. Қайсардың көзі атыздай бол, қорқып кетті. Бекет қолын ашудана сілкіп, менің жаңыма жүгіріп келді.

— Нұрлан, шынынды айтшы, бізben бірге саяхатқа шыққың келе ме? Мана өзің бәрін есіттің ғой.— Біз теңізге шығамыз. Сен тек қорықпаймын деген сөзінді бер.

Мен әлі үнсіз тұрмын. Бірақ құлақтарым дуылдаң кетті. «Шынымен теңізге кетуге бел байлағандары ма? Бұл қалай?!»— деймін ішімнен.

— Сен мұны түсін,— деді Бекет қабағын түйіп.— Бұл — еріккендердің ермегі емес. Немесе сендер ойлағандай, «есуастардың» далбасасы да емес.

— Мұндай «су жүректер» теңізге шыға алушы ма еді?— деп Қайсар бір езуімен күліп қойды.— Шалшық-қа батып кететіннің нағыз өзі ғой.

— Ендеше «есуастар» да теңізге шыға алмайды,— деп Бекет те бір езуімен Қайсарды кекете күлді.

— Кәне, білгіш болсан: горизонт неше румбаға<sup>1</sup> бөлінеді, айтшы. Ал, айта ғой?— деп Қайсар енді маған шұқшиды.

— Горизонт па?— деп қайталап сұрап алдым.— Горизонт он алты румба. Оның басты нұктелері... Нор... Норд, Зюйд, Ост, Вест.

— Өй, мынау керемет-ей! Қайсардың жайын аузы жайылып жүре берді.

— Өзің айтшы: теңіздегі жынды толқын қайдан шығады?— Бекет Қайсардың өзіне шұқшиды.— Қайсар мінгірлеп қалды. Сасқанымнан мен де желкемді қасыдым.

— Ал, сен білесің бе?

Ордінськая обл.

Раумба на кемелерде картамен жұмыс істесу үшін ойлатып болып жүргізілген горизонттың бөлігі. 360 градус румбаларға бөлінеді.

— Мен білмеймін,— дедім ағымнаң жарылып.  
— Ал, айта ғой, теңіздің сұы неге ашы?  
— Сен айтшы, әупілдек қандай құс?  
— Дауылпаз дауыл алдында неге шақырады?  
— Теңіздегі оқпан деген не?  
— Күн кешкіре үйді-үйімізге тарадық. Эбден татуласып, бұрынғыдан да жақын достасып қайттық. Неге бұлай оңай бітіскенімізге өзім де түсінбей қалдым,

## V

**Біздің құпия ісіміз. Саяхатқа дайындық.**

**Шхуна және оның аты. Адал серт бізді**

**«Бекантидаға» алып барады**

Ең әуелі қоймада бір бак жанармай пайды болды. Бекет өздерінің моторлы қайығынан алып келіпті. Ілешала оқтаулы он сегіз патроны бар былғары оқшантай мен дұмбісі жарылған ескі қосауыз мылтық табылды. Менің әзірше орталық қорға қосқаным «Күрметті Сабыр (ол менің папам) капитандық қызметіндің 15 жылдығымен құттықтаймыз! «Өжет» кемесінің экипажынан,— деген жазуы бар дүрбі мен «Өжет» деген үлкен қызыл таңбасы бар құтқарғыш шеңбер, шынысы сынған компас каютаның бұрышында жатты.

Бекет бір күні ертедегі желкенді кемелердің жалаудыңдай ұп-ұзын «М» әрпіне ұксас қызыл жолақ мата алып келді.

— Бұл біздің шхунаның<sup>1</sup> туы болады,— деді ол жолақ шүберекті желпіп қалып.— «Алмаздың» үстіндегі рей-мачтаны діңгек қып орнатамыз да, туды желбіретіп іліп қоямыз. Эр кеменің өз туы болады емес пе?!

— Шхуна деймісің? Шхуна — бригте екі діңгек болмаушы ма еді?— деді Қайсар ойланып, сонсоң қолын

<sup>1</sup> Шхуна-бриг — қос діңгекті кішкене кеме.

Сілкіп қалды.— Бәрібір емес пе, біздің қайық қажет жерінде тіпті фрегат<sup>1</sup> та бола алады. Онда тұрған не бар?..

— Ал, шхунаның атын не деп қоямыз?

Бұл — бәрімізді де көптен ойландырып жүрген сұрак еді.

— «Пилигрим»— дедім мен ойланbastan,

— «Наутилус»— деді Қайсар даурысып.

— «Потемкин»

— «Витязь..»

— Шуламандар,— деді Бекет.— Онан да ойласып, келісіп бір әдемі ат қоялық та.

— Немене, «Наутилус» немесе «Потемкин» деген жаман ба?

— Неге жаман болсын. Тек олар таныс аттар ғой. Біз — жаңа саяхатшылармыз деп өздерің айтпаушы маедіндер. Ендеше бұрын соңды болмаған жаңа бір ат ойладап табалық. Ол біздің кім екенімізді, қандай мақсатымыз барын айтпай-ақ түсіндіріп тұратын болсын.

— Сен өзің қандай ат таптың?

— «Саяхат» болса қайтеді?— деді Бекет ақырын.

— Онша емес,— дедік Қайсар екеуміз қосарланып, Сосын ойлануға кірістік.

— «Жорық»,— деді Қайсар сұқ саусағын шошайтып. Сонсоң өзі-өзіне риза болмай күнк ете қалды.

— «Жиһанкез...»— дедім мен мінгірлең.

— «Жиһанкез!»— деп іліп әкетті Бекет.

— Ей, мынауың әдемі екен,— деді Қайсар.

Сөйтіп біздің шхуна-бригтің аты «Жиһанкез» болды.

— Тагы бір бак май табу керек,— деді Бекет ойланып.— Коймадағы жанаармай көп жерге жетеді. Бірақ жолда кездескен порттардан май алып отырмасақ болмайды. Сосын ауылдан ұзап кеткенше күндіз тығызып, түнде ғана жүретін боламыз. Ар жағында бізді ешкім де үстамайды.

<sup>1</sup> Фрегат — кішкентай соғыс кемесі.

Қайсар жейдесінің ішінен су өткізбейтін қабы бар дәптер шығарды. Дәптермен бірге бір қорап махорка да төгіліп шықты.

— Бұл — шхунаның журналы болады, — деді ол дәптерді сілкіп қалып.— Қараши, бір күн суға салып койсан да ішіне бір тамшы өтпейді. Сыртындағы қалтасын өзім тіктім. Айтпақшы, мұнда саяхатшылардың серті жазылған.

— Серт! Өзің ойлап таптың ба?..

Қайсар салтанатты түрде оң қолын көтерді.

— Бұл сапарда қандай қындықтар кездессе де серіктеріммен бірге ұзак жолдың ақырына дейін шыдауға, саяхатшылар құпиясын ешкімге ашпауға, капитанның бүйрығын үнемі тыңдалғанда отыруға...— деп оқыды ол. Соңсaн бізге бір қарап қойды.— Сапарда кездескендердің қайсысымен де, белгісіз аралдарды мекендеушілермен де дос болуға, теңізде зардал шеккендерге ең алдымен қол ұшын беруге серт етемін. Осылай істегендеганда біз жұмбақ жер — «Бекантидаға» жете аламыз. Егер, осы сертімізді бұзсам, серіктерім мені теңіз заңымен жазаласын!

— «Бекантида?!»— дедік біз қосарланып. — Ол қай жер?! Қайсар сасып қалды.

— Бұл... бұл — арал ғой, белгісіз арал... Оны әлі ешкім тапқан жок.

— Ендеше атын қайдан білесін?

Қайсар көзі жыпылықтап бізге қарады.

— Атын мен ойдан қойдым. Сендер тек келісіндер, әр саяхатшы өзі ашқан жердің атын өзі қояды емес пе?..

— «Бекантида», — деп қайталады Бекет. — Жақсы, солай-ақ болсын. Бірақ неге «Бекантида?» Бұл не деген сөз?

— О, каррамбо,— деді Қайсар орнынан атып тұрып, менің де айтайын дегенім сол ғой. Ол жерді біз табамыз, біз үшеуіміз Бекет, Қайсар, Нұрлан... Бе-ка-ан-ти-

да... Антарктида деген сияқты... Керемет емес пе, ә?  
Әлдебір алыс әлемнің аты сияқты.

Кайсардың бұл жаңалығы маған қатты үнады.

Бекет: «Белгісіз арал... зардап шеккендер... Туземдік...»— деп өзінше күңкілден басын шайқады.

Әйтсе де Қайсар жазған сертті бәріміз бір-бір қайталап шықты.

Ал, қойма күннен-күнге тола берді. Тіпті бас-басымызға бір-бір қасық, бір-бір шәшкеден келіп еді. Бір күні мынадай әңгіме болды. Саяхатшыларға қасықтабақ сияқты майда-шүйденің қажеті жоқ болып шықты. Бәрін бұлдірген Қайсар.

— Сен мыналарыңды таста,— деді бір күні ол маған. Әйткені үйден шәшке, қасықтардың бәрін тасып жүрген мен едім.— Шын айтам, «Бекантида» бізге шынылардың түкке де қажеті болмайды. Бәрін өзіміз қолдан жасаймыз. Дәл Робинзонша өмір сүреміз. Ал сен келіп мыналарды сол қалпы арқалап жүргің келеді. Мунан біздің қай жеріміз саяхатшы?!

Көйлегімнің ішіне тығып әкелген шанышқыларды сипалап ары бұрылып кетіп ем, Бекет маған көзін қысып қалды:

— Майда-шүйделерді алу керек. Мүмкін, бізді «Бекантидаға» алып баратын дауыл соққанша теңізде ұзақ жүзуге тура келер. Сонда бәрі де қажет болады ғой.

— Ал дауыл соқса... онда аралға жақындай бере қайық құзға соғылады да, жиекке өзіміз малтып шығамыз ғой, солай ма?— деп Қайсар тәптіштей түсті.

— Құтқарғыш шеңбермен,— деп қосып қойдым мен.— Әйтпесе «Бекантиданың» жағалауына жете алмай теңізге батып кетерсің.

Біз бұған да оцай келістік. Сонынан теңіз үстінде дауыл күткен кезде талшық етерміз деп кепкен нан, консерв сияқты біраз тағамдар алуға үйғардық. Орта бөшке тұщы су ала кететін болдық.

Біз сапарға дап-дайын едік.

## VII

**Біз теңізге кетер күн.**

**Тұнгі ысқырық. Қуғыншылар**

Күн ұзын жер-көкке сыймай жүрмін. Бұгін үйдегілер де маған бір түрлі күдіктеніп қарай беретін сияқты. Түк сезбегендей «Бригантина, бригантина жүзе бер...»— деп ыңылдалп әндептіп қоямын... Бірақ, өзім қатты сасып жүрмін. Біресе төс қалтамда кешеден жүрген бір жапырақ қағазды алып қараймын. Ол — үйге қалдырып кететін хат. Біресе, сарайдағы ескі-күсқыны аударып, папамның қолы босағанда шөп шабатын шалғысын әурелеймін. Шалғының басын алып кететін шығармын. Өзі ертедегі теңіз қарақшыларының қайқы мачетесіне қатты ұқсайды.

Бұгін теңіздің жалықпай соғатын тентек желі саябыр тауып, шығанақ айнадай жарқырап жатыр. Мұндаиды теңізде штиль дейді. Жап-жасыл Қекшалғын аралы теңіз сағымымен мың күбылып, не суда емес, не аспандა емес, ауада қалқып тұрған сияқты. Оның ар жағында теңіз ортасында алаулаған мыс қорғасындей Үштау шыны қып-қызыл бол мұнартады. Қадалып қарай берген соң ба, кешкі теңіз мұлдем әдемі болып көрінді.

«Осылардың бәрін-бәрін артқа қалдырып алыс жаққа, қауіпті жолға сапар шегеміз,— деген бір ой күні бойы мазалап жүр. Мүмкін тіпті, қайтып та келмеспіз!» Мазасыз ой үйіктауға жатқан соң да кетпей койды. Ақыры тұнгі сағат он екіні сокқанда көшеден созылған ысқырық естілді. Ісқырық үш рет қайталанды. Сосын тып-тыныш болды. Мен көрпемді бүркеніп алдым. Бөлмедегі сағат тырс-тырс соғады. Өзім әбден пысынап, қатты қысылып жатырмын. Неге қысылып жатқанымды да білмеймін. «Біз кетуіміз керек емес пе? Бекет, Қайсаң екеуі де қазір мені күтіп-күтіп, болмаған соң жағалауға кетті. Не ойлап кетті екен...»

Қабырғадағы сағаттың бірді үрғанын есіттім де, сипалап жүріп киінуге кірістім. Қабат-қабатымен киіндім. Қалған киімдерімді жейдеге салып буып қойдым. Сәл ойланып, қабырғада ілулі тұрған ескі қалта сағатын, көптен бері стол тартпасында жататын қалта фонаригін алдым. Соңсоң қалтамдағы хаттың бүкпесін жазып столға қойдым да, түйіншекті кеудеме қысып бөлме ортасында бір минуттай қимылсыз тұрдым. Ауыр тыныштықтан құлағым шыңылдан кетті. Ертеңгісін мені іздең үйдің қалай әбігер болатынын, хаттың: «Корықпандар біз әлі-ақ қайтып ораламыз», — деп аяқталатын соңғы сөйлемін оқығанда мамамың қандай күйге түсетінін ойладым. Дәл осы тұрысымды достарым көрсе рақаттана күліп, немесе: «Сен осында ма едің», — деп ренжіп қалған болар еді. «Шынында да мен неге тұрмын?!.»

Манағы шалғы сарайдың сыртында жасырулы жатыр еді. Суырып алғанымда қылпылдаған имек жүзі қараңғыда күңгірт сәулеленіп жылт-жылт етті. Құлаштап сермен көріп ем, ауа зу-зу ете қалды. Аумаған қылыш болды да шықты: айбы жүзі ойыс жағында ғана.

Кенет селк ете қалдым. Шөп сыйырлап, бері қарай әлдекімдер жылжып келе жатқан сияқты бол көрінді. Жалт қарап, шынында да сарайдың қабырғасымен сырғып келе жатқан біреулердің көлеңкесін көрдім. Ауланы айналып өтіп, қараңғы қалтарыс көшелермен зыта жөнелдім. Бізді шынымен әлдекімдердің торуылдап жүргені ме?

Мылтық асынып бос бөшкені басына төңкеріп алған Кайсар ескі кеменің жанында кездесті.

— Пароль! — деп күңгірледі ол бөшкенің ішінен, соңсоң жауап күтпестен:

— Көтергеніңше таси бер! — «Жиһанкез» — колтықта тұр, — деп күшеніп, пысылдан жүгіре жөнелді.

Сәлден соң жағалаудан қайық карауытып, Кайсардың суды шалпылдатып кешкені естілді. Қайыққа жа-